

ISSN 1999-4214 (print)

ISSN 2957-5095 (online)

ЕУРАЗИЯ ГУМАНИТАРЛЫҚ ИНСТИТУТЫНЫҢ

# ХАБАРШЫСЫ

# ВЕСТНИК

ЕВРАЗИЙСКОГО  
ГУМАНИТАРНОГО  
ИНСТИТУТА

# BULLETIN

OF THE EURASIAN HUMANITIES  
INSTITUTE

№ 3/2023

Жылына 4 рет шығады  
2001 ж. шыға бастаған

Выходит 4 раза в год  
Начал издаваться с 2001 г.

Published 4 times a year  
Began to be published in 2001

Астана, 2023

---

Бас редакторы **Дауренбекова Л.Н.**  
А.Қ. Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институтының доценті,  
филология ғылымдарының кандидаты, Астана, Қазақстан  
Жауапты редактор **Алимбаев А.Е.**  
А.Қ. Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институтының доценті,  
философия докторы (PhD) Астана, Қазақстан

**Редакция алқасы**

<b>Аймұхамбет Ж.Ә.</b>	филология ғылымдарының докторы, профессор, Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана, Қазақстан
<b>Ақтаева К.</b>	филология ғылымдарының докторы, профессор, А. Мицкевич атындағы Польша университеті, Познань, Польша.
<b>Әбсадық А.А.</b>	филология ғылымдарының докторы, профессор, А. Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, Қостанай, Қазақстан
<b>Бредихин С.Н.</b>	филология ғылымдарының докторы, профессор, Солтүстік Кавказ федералды университеті, Ставрополь, РФ
<b>Гайнуллина Ф.А.</b>	филология ғылымдарының кандидаты, доцент Ә. Бөкейхан атындағы университеті, Семей, Қазақстан
<b>Ермекова Т.Н.</b>	филология ғылымдарының докторы, профессор, Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан
<b>Есиркепова К.Қ.</b>	филология ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, А. Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, Қостанай, Қазақстан
<b>Жүсіпов Н.Қ.</b>	филология ғылымдарының докторы, профессор, Торайғыров университеті, Павлодар, Қазақстан
<b>Курбанова М.М.</b>	филология ғылымдарының докторы, профессор, Алишер Навои атындағы Ташкент мемлекеттік өзбек тілі мен әдебиеті университеті, Ташкент, Өзбекстан
<b>Қамзабекұлы Д.</b>	ҚР ҰҒА академигі, филология ғылымдарының докторы, профессор, Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана, Қазақстан
<b>Құрысжан Л.Ә.</b>	филология ғылымдарының кандидаты, профессор, Ханкук шетелтану университеті, Сеул, Оңтүстік Корея
<b>Онер М.</b>	философия докторы (PhD), профессор, Эгей университеті, Измир, Туркия
<b>Пименова М.В.</b>	филология ғылымдарының докторы, профессор, Шет ел тілдері институты, Санкт-Петербург, РФ
<b>Сайфулина Ф.С.</b>	филология ғылымдарының докторы, профессор, Қазан федералды университеті, Қазан, Татарстан, РФ

Редакцияның мекенжайы: 010009, Астана қ., Жұмабаев даңғ., 4  
Телефон/факс: (7172) 561 933; e-mail: eagi.vestnik@gmail.com, сайт: ojs.egi.kz

Еуразия гуманитарлық институтының Хабаршысы.

Меншіктенуші: «А.Қ. Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институты»

Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі Ақпарат комитетінде қайта есепке қойылды. Тіркеу № KZ92VPY00046970 17.03.2022

Басуға 17.10.2023ж. қол қойылды. Пішімі 60\*84 1\8. Қағаз офсеттік Көлемі. БТ.

Таралымы 200 дана. Бағасы келісім бойынша. Тапсырыс № 89

«Ақтаев У.Е.» баспасында басылып шықты

© А.Қ. Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институты

---

Главный редактор **Дауренбекова Л.Н.**  
Кандидат филологических наук, доцент Евразийского гуманитарного института имени А.К. Кусаинова,  
Астана, Казахстан  
Ответственный редактор **Алимбаев А.Е.**  
Доктор философии (PhD), доцент Евразийского гуманитарного института имени А.К. Кусаинова, Астана,  
Казахстан

**Редакционная коллегия**

<b>Аймухамбет Ж.А.</b>	доктор филологических наук, профессор, ЕНУ имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан
<b>Актаева К.</b>	доктор филологических наук, профессор, университет имени Адама Мицкевича, Познань, Польша.
<b>Абсадық А.А.</b>	доктор филологических наук, профессор, Костанайский региональный университет имени А. Байтурсынова, Костанай, Казахстан
<b>Бредихин С.Н.</b>	доктор филологических наук, профессор, Северо-Кавказский федеральный университет, Ставрополь, РФ
<b>Гайнуллина Ф.А.</b>	кандидат филологических наук, доцент университет имени А. Бокейхана, Семей, Казахстан
<b>Ермекова Т.Н.</b>	доктор филологических наук, профессор, Казахский национальный женский педагогический университет, Алматы, Казахстан
<b>Есиркепова К.К.</b>	кандидат филологических наук, профессор, Костанайский региональный университет имени А. Байтурсынова, Костанай, Казахстан
<b>Жусипов Н.К.</b>	доктор филологических наук, профессор, Торайгыров университет, Павлодар, Казахстан
<b>Курбанова М.М.</b>	доктор филологических наук, профессор, Ташкентский государственный университет узбекского языка и литературы им. Алишера Навои, Ташкент, Узбекистан
<b>Камзабекулы Д.</b>	академик НАН РК, доктор филологических наук, профессор, ЕНУ имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан
<b>Курсыжан Л.А.</b>	кандидат филологических наук, профессор, Университет иностранных языков Ханкук, Сеул, Южная Корея
<b>Онер М.</b>	доктор философии (PhD), профессор, Эгейский университет, Измир, Турция
<b>Пименова М.В.</b>	доктор филологических наук, профессор, Институт иностранных языков, Санкт-Петербург, РФ
<b>Сайфулина Ф.С.</b>	доктор филологических наук, профессор, Казанский федеральный университет, Казань, Татарстан, РФ

Адрес редакции: 010009, г. Астана., пр. Жумабаева, 4  
Телефон/факс: (7172) 561 933; e-mail: eagi.vestnik@gmail.com, сайт: ojs.egi.kz

Вестник Евразийского гуманитарного института.

Собственник: «Евразийский гуманитарный институт имени А.К.Кусаинова».

Министерством информации и общественного развития Республики Казахстан Комитет информации постановлено на переучет № KZ92VPY00046970 17.03.2022

Подписано в печать 10.10.2023 ж. Формат 60\*84 1\8. Бум. Типопр.

Тираж 200. Цена согласовано. Заказ № 89

Напечатано в издательстве «У.Е. Актаева»

©Евразийский гуманитарный институт имени А.К. Кусаинова

---

Chief Editor **Daurenbekova L.N.**  
Candidate of Philological Science, Associate Professor of the A.K. Kussayinov Eurasian Humanities Institute  
Institute, Astana, Kazakhstan  
Editor-in-Chief **Alimbayev A.E.**  
Doctor of Philosophy (PhD), Associate Professor of the A.K. Kussayinov Eurasian Humanities Institute,  
Astana, Kazakhstan

**Editorial Board**

**Aimuhambet Zh.A.** Doctor of Philological Sciences, Professor, L.N. Gumilyov ENU, Astana, Kazakhstan  
**Aktayeva K.** Doctor of Philological Sciences, Professor, Poznan Adam Mitskevich University, Poznan, Poland  
**Absadyk A.A.** Doctor of Philological Sciences, Professor, Kostanay Regional University named after A.Baitursynov, Kostanay, Kazakhstan  
**Bredikhin S.N.** Doctor of Philological Sciences, Professor, North-Caucasus Federal University, Stavropol, RF  
**Гайнуллина Ф.А.** Candidate of Philological Sciences, Associate Professor Alikhan Bokeikhan University, Semey, Kazakhstan  
**Yermekova T.N.** Doctor of Philological Sciences, Professor, Kaz. National Women's Pedagogical University. Almaty, Kazakhstan  
**Yesirkeпова K.K.** Candidate of Philological Sciences, Professor, Kostanay Regional University named after A.Baitursynov, Kostanay, Kazakhstan  
**Zhusipov N.K.** Doctor of Philological Sciences, Professor, Toraighyrov University, Pavlodar, Kazakhstan  
**Kurbanova M.M.** Doctor of Philological Sciences, Professor, Tashkent State University of the Uzbek Language and Literature named after Alisher Navoyi, Tashkent, Uzbekistan  
**Kamzabekuly D.** Academician of NAS RK, Doctor of Philological Sciences, Professor, L.N. Gumilyov ENU, Astana, Kazakhstan  
**Kuryzshyan L.A.** Candidate of Philological Sciences, Professor, Hankuk University of Foreign Studies Seoul Korea  
**Oner M.** Doctor of Philological (PhD), Professor, Aegean University, Izmir, Turkey  
**Pimenova M.V.** Doctor of Philological Sciences, Professor, Foreign Languages Institute, St-Petersburg, RF  
**Seifullina F.S.** Doctor of Philological Sciences, Professor, Kazan Federal University, Kazan, Tatarstan, RF

Editorial address: 010009, Astana., 4, Prospect Zhumabayev  
Tel/Fax: (7172) 561 933; e-mail: eagi.vestnik@gmail.com, сайт: ojs.egi.kz

Bulletin of the Eurasian Humanities Institute.

Owner: «A.K. Kussayinov Eurasian Humanities Institute».

The Ministry of Information and Public Development of the Republic of Kazakhstan Information Committee decided to re-register No. KZ92VPY00046970 17.03.2022

Signed for printing 17.10.2023 Format 60 \* 84 1 \ 8. Paper. Printing house

Circulation 200. Price agreed. Order No. 89

Printed in the publishing house of «U.E. Aktaev»

© A.K. Kussayinov Eurasian Humanities Institute

---

## МАЗМҰНЫ-СОДЕРЖАНИЕ-CONTENTS

### ТІЛ БІЛІМІ – ЯЗЫКОЗНАНИЕ – LINGUISTICS

ABYLOVA G.E., ARIPZHAN G.Zh.	The concept of time in the ancient turkic written monuments.....	7
НУРГАЗИНА А.Б., ТЛЕШ Қ.Е., АЮПОВА Г.К.	Художественный концепт «форсайты» в пространстве текста и способы объективации его смысла.....	20
РАМАЗАНОВ Т.Б., АХМЕТ А.Н., ШОРМАКОВА А.Б.	Лингвокультурный характер диалога в художественном тексте.....	38
САГИДОЛДА Г., САРЕКЕНОВА Қ.Қ., САПАРНИЯЗОВА М.	Ясауи «Хикметтері» тілінің когнитивтік құрылымы: «иман» тұжырымдамасы.....	56
ШАҚАМАН Ы.Б.	Сөз гешталты.....	72

### ӘДЕБИЕТТАНУ – ЛИТЕРАТУРОВЕДЕНИЕ – LITERATURE STUDIES

АДАЕВА Е.С.	Қазақ әдебиетін зерттеудің гендерлік аспектілері.....	85
АЛИМБАЕВ А.Е.	Ежелгі жыр-дастандардағы елдік пен қаһармандық.....	102
АМАНҒАЗЫҚЫЗЫ М. ОРАЗБЕК М.С.	Қазіргі қазақ поэзиясындағы қала бейнесі.....	115
АХМЕР Б.Е., АЙМҰХАМБЕТ Ж.Ә., КУРМАМБАЕВА К.С.	Серікбол Қондыбайдың «ілкі төр» концепциясының символдық-мифопоэтикалық мәні.....	126
ӘБСАДЫҚ А.А., ДОСОВА А.Т.	«Қырық мысал»: жинақтың жариялану тарихы және оның Абай шығармашылығымен үндестігі.....	139
ТҮСІПОВА Г.Б., ДАУРЕНБЕКОВА Л.Н.	Алаш кезеңіндегі аударма: Ж.Аймауытұлы – ДЖ.Лондон әңгімелерін қазақ тіліне тұңғыш аударушы.....	156
ZHARYLGAPOV ZH.ZH. SYZDYKOVA V.E.	The concept of archetype in literature and Jung's theories.....	172
КЕРІМБЕКОВА Б.Д.	Дулат Исабеков прозасындағы юмор мен сатира («Бонапарттың үйленуі» әңгімесі негізінде).....	185
ҚҰРМАНБАЙ А.П., СӨРСЕНБАЕВА Ж.Б., ХУАТБЕКҰЛЫ Е.	Қазіргі қазақ поэзиясындағы жаңа тенденциялар (А. Елгезек, Б. Қарағызұлы, Е. Жүніс шығармалары негізінде).....	197
ОМАРОВ Б.Ж.	«Панчатантра», «Кәлила мен Димна» және қазақ мысалы: сюжет пен трансформация.....	214

---

САҒЫНАДИН Г.	Эстофольклортанудың кейбір ғылыми-теориялық мәселелері.....	231
ТОҚСАМБАЕВА А.О. ҚАДЫРОВ А.Қ. ҚАБЫШЕВ Т.Б.	Рахымжан Отарбаевтың драмалық шығармаларындағы хан-сұлтандар мен батырлар бейнесі.....	242

**ТІЛ ЖӘНЕ ӘДЕБИЕТТІ ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ – МЕТОДИКА ПРЕПОДАВАНИЯ ЯЗЫКА И ЛИТЕРАТУРЫ – METHODOLOGY OF TEACHING LANGUAGE AND LITERATURE**

АЗАТБАҚЫТ А.А., КАРТАЕВА А.М., ТАМАЕВ А.Т.	М.Әуезов әңгімелерін оқытудың ғылыми-теориялық негіздері.....	260
ASAVBAEVA G.B., YEREZHNEPOVA S.K. ZHUMSAKBAYEV A.T.	Teaching languages in technical universities.....	272

FTAMP 17.07.41

DOI <https://doi.org/10.55808/1999-4214.2023-3.09>

Б.Е. АХМЕР <sup>1</sup> 

Ж.Ә. АЙМҰХАМБЕТ <sup>2</sup> 

К.С. КУРМАМБАЕВА <sup>3</sup> 

Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті Астана, Қазақстан<sup>1,2</sup>

Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті, Семей, Қазақстан<sup>3</sup>

(e-mail: [birzhan.akhmer@mail.ru](mailto:birzhan.akhmer@mail.ru) <sup>1</sup>, [a\\_zhanat@mail.ru](mailto:a_zhanat@mail.ru) <sup>2</sup>

[karlygash.kurmambayeva@mail.ru](mailto:karlygash.kurmambayeva@mail.ru) <sup>3</sup>)

## СЕРІКБОЛ ҚОНДЫБАЙДЫҢ «ІЛКІ ТӨР» КОНЦЕПЦИЯСЫНЫҢ СИМВОЛДЫҚ-МИФОПОЭТИКАЛЫҚ МӘНІ

**Аңдатпа.** Мақалада мифолог ғалым С. Қондыбайдың еңбектеріндегі мифтік, символдық тұжырымдар мен көзқарастарына талдау жасалған. Байырғы қазақ дүниетанымының негізгі сипаттамасының біріне айналған «Ілкі Төр» концепциясының мән-мағынасы, оның поэтикалық шығармалармен сабақтастығы, мәдени код, ұлттық болмыс аспектілерімен арақатынасы сараланды. Мифопоэтикалық талдау нәтижесінде, ғалым мұрасының қазіргі қазақ қоғамына қажетті рухани тұжырымдамалар айшықталып, айқын көрініс тапты. Миф пен поэтикалық шығарманың байланысы да мақаланың негізгі нысандары болды. Оның дәлелі ретінде С. Мәуленов, Қ. Аманжолов, М. Мақатаев секілді қазақ ақындарының поэзиясындағы мифтік қабаттар, символдық бейнелер, көркем детальдарға талдау жасалды. Сондай-ақ, осы поэтикалық мәтіндердегі Ілкі таным, Ілкі Төр, салт-дәстүр, бұрынғы бабалардың дүниетанымы секілді әдеби аспектілер де жаңаша тұрғыда қарастырылды. Жалпы, С. Қондыбай ұмыт бола бастаған байырғы таңбалар жүйесін, әрі оның қызметін терең әрі тыңғылықты зерттегенін білеміз.

Таңба, символ, деталь, бейне бірлігі – тұтас дәуір құндылықтарын, ондағы моральдік-гуманистік идеяларды танытады. Сондықтан тарихтың әдебиетке, әдебиеттің тарихқа ықпалы үнемі жоғары. Ғалым айтқан «Арғықазақтың» өмірлік құндылықтары осы категорияларға негізделеді. Мақалада осы таным көкжиегі, теориялық ізденістер кездеседі. Мифология, миф, символ туралы түсініктерді айқындай түсу мақсатында мифолог, әдебиеттанушы ғалымдардың еңбектеріндегі тұжырымдар басшылыққа алынды.

**Түйін сөздер:** Серікбол Қондыбай, мифопоэтика, Ілкі Төр, символ, мәтін, миф, поэзия, көркем шығарма

**Кіріспе.** Мифология – қалыптасқан концепциялары, теориялық

парадигмалары бар ерекше ғылым саласы. Адамзат санасындағы түрлі архитиптер, символдық таңбалар саралана келіп, мифтік құрылымды түзеді. Яғни, мифологияның негізгі қызметі – жалпыадамзаттық және ұлттық деңгейде танылған, тылсым мен аңызға негізделген бейнелерді, санада жадталған таңбаларды, сакральді кодтарды зерделеу, сол арқылы өткен шақтың қалтарысын айқындау.

«Мифология – барлық халықта өткен адамзат сана-сезімінің алғашқы тарихи формасы... Тұрпайы көзқарас ықпалынан өту кезеңінде ғылым адамзат дүниесіне мифология деп аталатын ауқымды әрі жан-жақты құбылысты алып келді. Бұл – әлем халықтарына түгел қатысты адамзат санасының өте ерекше қабаты. Бұл қабат қазақ халқының рухани мұрасында ерекше байқалады. Оның іздері фольклорда, ескі аңыз-әңгімелерде, тілде сақталған» [1, 9].

Ал мифологияны зерттеген ғалымдардың қатарына Дж. Вико, Дж. Фрейзер, ағайынды Гриммдер, Б. Фонтенель, Н. Фрай, И. Шлегель, Э. Тэйлор, К. Юнг, Е.М. Мелетинский, О.М. Фрейденберг және т.б. жатса, қазақ жерінде бұл саланы С. Қасқабасов, С. Қондыбай, Т. Әсемқұлов, Ж. Әскербекқызы жан-жақты зерттеді.

Бүгінгі таңда аталған ғалымдардың қатарына енетін С.Қондыбайдың мифтік танымды тарихи фактілермен сабақтастыра отырып, өңірлік әрі жалпыхалықтық сакральді құндылықтардың символдарын талдап жазған еңбектерінің маңыздылығы жоғары. Ғалым мұрасы – жылдар бойы ізденген, Батыс пен Шығыс кітаптарын оқи келіп, тың тұжырым жасаған бірегей еңбек. Әсіресе, Түркі халықтарының Ілкі бастауларына жол ашатын терең пайымдары, объективті концепциялары қазақ мифологиясының дамуына серпін берді. Сонымен қатар, дүние болмысы мен адам жаратылысының тылсым қатпарларына үңілу арқылы метафизикалық бастауларды жаңаша талдаудың үлгісін көрсете білді.

**Әдістеме және зерттеу әдістері.** С. Қондыбай еңбектеріндегі ұлттық құндылықтар, символдық таңбалар, сондай-ақ тіл мен мәдениетке қатысты тұжырымдар мифопоэтикалық тұрғыдан қарастырылды. Зерттеу барысында семиотикалық, мифологиялық, мифопоэтикалық әдістер қолданылды.

**Талқылау және бақылау.** С. Қондыбай «Ілкі Төр» концепциясымен адамзат пен Тәңір, ұлт пен жеке тұлға арасындағы байланысты мифтік таным арқылы түсіндіруге тырысты. Бұл – қазақтың байырғы аңыз, ертегі, дәстүрін жаңғырту ғана емес, ғылыми айналымға Ілкі әлемді жаңа сипатта енгізу еді. Ғалым өзінің «Арғықазақ мифологиясы» кітабында былай дейді: «Әрине, жеке көзқарасы бар пенде ретінде материалистік-позитивістік (коммунистік, атеистік) ғылым ауқымында білім алып, тәрбиеленген зерттеуші болып қалыптасқаныма қарамастан, көңілімнің метафизикалық (идеалистік, діни) танымға қарай құлайтындығын жасыра алмаймын. Мен, бүгінгі қазақтың да, басқа адамзаттыкі сияқты, әлдебір бастапқы, ілкі дәстүрден бастау алып, өзінің



басқалардан кем түспейтін төл, дербес дәстүрін жасаған арғықазақтардың ұрпағы деп есептеймін. Мен осы ілкі дәстүрді қазақшалап «Ілкі Төр» деп атадым», – дейді [2, 34].

Бұл тұжырым – ғалымның субъективті пікірі болғанымен, дәлелсіз емес. Себебі қазақ танымында бағзыдан келе жатқан «Ілкі» және «Төр» деген сөздері бар. Аталған сөздер түсінік, дәстүр, бейне ретінде санамызда таңбаланып, ғасырдан ғасырға үзілмей көшіп отырған.

«Ілкі» сөзі – бұрынғы, осыған дейінгі, алғашқы, әуелгі, ілгерідегі деген мағынаны білдіреді. Ілкі уақытта станциядағы әскерлік бөлімде емші болушы еді, ол өткен жылы кетіп қалған (С. Мұқанов, Аққан жұлдыз). Мәмбет те ілкі екпінін баяулата түскендей болды (Х. Есенжанов, Ақ Жайық). Кемпір келіншектің келіп тұрғанын манадан біліп отырған адамдай жайбарақат бір қарады да, ілкі қалпы отыра берді (Ә.Тарази, Құйрықты) [3, 707]. Міне, көркем шығармада да ілкі сөзі жиі қолданылып, образды ашудағы деталь ретінде берілген. Ал «Төр» сөзінің бірнеше мағынасы бар. Олар: 1. Үйдің есігіне қарама-қарсы жоғарғы жағы. 2. Жасы үлкен адамдар, сыйлы қонақтар отыратын құрметті орын. 3. Құтты, қасиетті мекен. 4. Түбі, түкпірі. Ендеше, «Ілкі Төр» тіркесін әуелгі қасиетті мекеннің, мәдениеттің бастауы десек, қателеспейміз. Қазақ дүниетанымында қасиетті құндылық ол – сөз, құндылық, тәрбие, дәстүр.

«Төр» сөзі – уақыт өте келе таңбалық-символдық мағынаға ие болып, қазақ халқының ажырамас бір бөлігі, рухани ұстыны ретінде сақталды. Қазіргі таңда да қазақ «төр» сөзін жиі қолданып, қонақ күту рәсімінде осы салтты ұстанады. Сондықтан «Ілкі Төр» концепциясы арқылы С.Қондыбайдың метафизикалық идеясының өміршеңдігін, ұлт болмысымен тарихи, рухани сабақтастығын байқай аламыз.

Мифологиялық кейіпкерлер, ғалымдардың зерттеуі бойынша, екіге бөлінеді. Біріншісі – архаикалық мифте бейнеленетін ілкі ата мен жасампаз қаһарман болса, екіншісі – жалғыз көзді дәу, жезтырнақ, жалмауыз кемпір және т.б. кейіпкерлер. Алғашқысы арман-мақсатына жетуге ынталы романтикалық кейіпкерлер болса, одан кейінгі топтағылар – адам түсіне алмайтын қиялға негізделген, шындықтан алыс қаһармандар.

Егер діни таным бойынша зерделесек, ілкі ата – Адам ата. Яғни, жер бетіндегі күллі адамзат баласының түп бастауы, түбі, тамыры осы Адам атадан тарайды. Қасиетті Кітаптардың барлығы да осы көзқарасты қолдайды. Адам Атаның қабырғасынан Хауа Ана жаралып, олар рұқсат етілмеген жемісті жегендіктен, жұмақтан (ілкі мекен) қуылып, Жерге түскен. Мұнда да таным астарында мифтік қабаттар жасырынған. Сондықтан жұмақ, Құдай, Адам Ата, Хауа Ана символы біздің санамызда ілкі заманнан бері таңбаланып, рухани құндылық ретінде орныққанын аңғарамыз. С.Қондыбай осындай бейматериалдық мәселелердің астарын меңзейді.

Жоғарыда айтқанымыздай, Ілкі Төр – есте жоқ ескі заман, көне дәуірдегі

беймәлім мекен. Қазақ ескіні «көне» деп жиі қолданады. Бұл синоним – біріншіден, қазақтың төл дыбысын айғақтаса, екіншіден сөздің үйлесімділігіне әсер етеді.

Арғықазақ танымы, туған жер, атамекеннің сакральді құндылықтары ақын Сырбай Мәуленовтың жырында былайша бейнеленген:

Бабамнан қалған мұра бар:

Ол мынау төбелер,

Ол мынау жатқан жырлар,

Әжімді аспан, көне жер [4, 5].

Өлеңдегі «көне жер», «төбелер», «әжімді аспан» тіркестері біздің санамыздағы ұлттық құндылық, этникалық дәстүрімізбен сабақтасып жатыр. «Әжімді аспан» деталі образға айналып, миллиондаған жыл бойы ақаусыз қозғалып тұрған ғарыш әлемі метафизикалық тұрғыда шебер көрініс тапқан. Ақын осы тұстарды мифопоэтикалық стильде шебер қолданып, табиғат пен адам, аманат пен қиянат мәселелерін жырға қосқан.

Күн – ізгіліктің символы болса, түн (қараңғылық) қорқыныштың символы. С.Қондыбай Күн, сәуле, шапағат (Нұр) секілді материалдық болмыстарды тілге тиек ете келіп, Нұрдың символданған элементтерін айтады. Ғалым осы жөнінде: «Біз Алла тағаланы, оның құдайы құдіретін, яғни Нұрды белгілі бір символ арқылы шартты түрде кескіндей аламыз, бірақ бұл Алла тағала мен оны кескіндеп тұрған символдың теңдігін көрсетпейді, өйткені символ, Генонның сөзімен айтқанда, өзінің символдап тұрған затынан (нәрсесінен, нысанасынан) міндетті түрде, әрқашан да төмен тұрады, осы арқылы символика туралы натуралистік келтірімдердің барлығы алынып тасталынады» [5, 35], – дейді.

С.Қондыбайдың тұжырымына сүйенсек, символ өзі символдап тұрған құбылыстан әрқашан төменде. Мәселен, жоғарыда мысалға келтірілген Күн мен ізгілік концепциясын алсақ, Күн – түпнегіз (шын болмыс) болса, ізгілік – екінші сатыдағы (символ) «көлеңкелі» құбылыс. Осы тұста символ мен мифтің тығыз байланысы байқалады. Адам тегіндегі тарихи таным (дәстүр, менталитет, мінез, мәдениет) мен белгілі бір таңбаға сакральді мән беру үрдісі сабақтас болып келеді. Бұл туралы ғалым Ж.Әскербекқызы былай дейді: «Символ – мәдениет құпиясына бастайтын жол, оның қақпасын ашатын кілт десек, миф дегеніміз – мәдениеттің символикалық пішіні» [6, 57].

Мифология ғылымында миф пен символға жақын тағы бір теориялық тұжырым бар. Ол – архетип. Архетип – (грек, arche – бастау, typos – бейне) алғашқы образ, алғашқы идея. Архетиптер аналитикалық психологияда инстинктілермен қатар «ұжымдық бейсаналылықтың» қатпарында болатын және жалпыадамзаттық символиканың негізін құрайтын, туа біткен психикалық құрылымдар болып табылады. Мәдени тұлғаның рухани-шығармашылық қазынасын қауымдық тылсымдағы архетиптер құрастырады.

Миф пен архетиптік әуелден бейне, тип, көрініс тұрғысынан осылайша байланысты.

Поэтикалық шығарма мәтіндерінде символ, архетип, миф элементтері жиі кездесіп отырады. Автор санасындағы әуелгі бейсаналық (гендік) тылсым бейнелер жыр ретінде туып, шығарманың көркемдік деңгейін арттырады. Сондықтан барлық дерлік поэзиялық шығармаларда символ қатысып отырады. Бұл көбінесе тұспалды, астарлы түрде, стильде қолданылады. Қасым Аманжоловтың өлеңінде мұндай бейнелер былайша көрініс тапқан:

...Сол жерге қалармын ба мәңгі тоқтап,  
Жоғалып жер бетінен сүрлеу-соқпақ,  
Немесе бастармын ба екінші өмір,  
Жалынды жыр жолында қызыл шоқ қап [7, 16].

Автор қолданып отырған «екінші өмір» тіркесі – арғы өмір, о дүние, мәңгіліктің мекені, бақи образын тұспалдап тұр. Ал «қызық шоқ» – қағаз бетіне түскен ақын мұрасының символы. Қызыл түсті де автор осы архетиптік-символдық қабаттармен сабақтастыра қолданып отырғанын байқаймыз. Қызыл түс – романтикалық экспрессияны, эмоциялық қуатты, алып күш-жігерді білдіреді. Қ.Аманжолов осы арқылы жасырын «пафостың» да шебер үлгісін көрсете білді.

Жоғарыдағы мифопоэтикалық жыр шумағында «мәңгілік», «сүрлеу», «екінші өмір», «қызыл шоқ» детальдары санамызда таңбаланып, әуелгі өмірдің, арғы өмірдің макробейнесін танытып тұр. Поэтикалық детальдардың көркемдігі неғұрлым қуатты, астарлы, үйлесімді болса, шығарма да соғұрлым тереңдей түсері сөзсіз.

С.Қондыбай «екінші өмірдің» мән-мағынасын саралай келе, о дүниені «Барсакелмеске» телиді. Ғалым: «Барсакелмес – Ілкі Төрдің символы, сонымен қатар ол – Нұрдың да символы; бұл тұрғыда Түтектің Барсакелмеске кетуін Ідіріс / Енох пайғамбардың ұжмаққа кетумен салыстыруға болады», – дей келе тағы бір пайымды былай деп жалғастырады: «Барсакелмес – көрілмес Нұрдың эманациясы орналасқан Ілкі Төрдің қарабайырланған мысалы болып табылады; оған қатысты айтылған сипаттамалар. Кейіпкерлер, заттар мен ситуациялардың барлығы да осы Ілкі Төрге қатысты болып шығады».

Барсакелместің тағы бір мағынасы – өлім құштыратын қауіпті аймақ, мекен, жер. Бұл туралы қазақта аңыздар көп. Оның ішінде қаһарманның (қарындасының сұрауы бойынша) адам жейтін аюдың мекеніне сапар шегуі, пері қыздың сынағынан өту үшін «Барсакелмеске» кеткен жігіттің оқиғасы, «жабылса ашылмас», суын ішсе жазылар алып шаһар бейнелері бедерленген сюжеттер ежелден ел арасында кеңінен тараған. Осылайша, қазақ танымы бойынша, «Барсакелмес» – өлім, о дүние, екінші өмір секілді концепцияларды түзеді.

Әлем мифтеріне ортақ желілер, сюжеттер мен композициялардың

поэтикалық тұтастығы мен ерекшеліктері бар екені белгілі. Алайда мифопоэтиканың ерекше компоненттерін біз сюжеттен гөрі, шығарма ішіндегі микро және макродетальдардан көреміз. Академик С.Қасқабасов поэтика туралы өз ойын саралай келе: «Поэтика ұғымын біз бастапқы мағынада аламыз, яғни комозиция мен көркем құралдардың бірлігі деп түсіреміз. Демек, біз халық прозасының ең көркем жанры болып саналатын ертегінің құрылысы мен тіл кестесін қарастырамыз», – дейді. Шынымен де, ертегі құрылысын (құрылымы) талдау арқылы шығарманың идеялық және материалдық элементтерін зерделесек, тілдік бірліктер, тілдік жүйе арқылы аңыз әңгімелердің, ертегілердің жазылу стилі мен жанры, кейіпкердің бейнесін ашу, көркемдік деңгейін анықтай аламыз.

Біз поэтикалық туындының тілі мен құрылымын қарастыру барысында оның түспалды (метафоралық) категорияларын да ұмытпауымыз керек. Структуралық мектептің өкілдері ертегі, аңыз, өлең, әңгіме, повесть, роман мәтіндерін жіктеп, әрбір детальдарына үңіле отырып, тың концепцияларды ғылыми айналымға енгізді. Сондай әдебиеттанушылардың бірі Ю.Лотман мәтін құрылымы мен сипаттамасы турасындай былайша ой қорытады: «Қандай да бір символдық тілді қабылдау адамдардың мінез-құлқына және тарихи жолдарына белсенді түрде әсер етеді. Сөйтіп, кең мәдени мәнмәтін сырттан «баса-көктеп» кіретін элементтерді өзіне сіңіріп алады» [8, 90], - дейді.

Құрылымдық талдау бағытында ең кіші компонент – таңба. Яғни, таңба дегеніміз – тіл, тілді жасаушы құрал, детальді түзуші элемент, сондай-ақ бейне жасаушы «құбылыс». Таңба әрдайым динамикалық сипатта болады. Ол мәтін ішіндегі жасырын, көзге көрінбес мағыналық аспектілерден бастап, ең жоғарғы формалық-сюжеттік деңгейге дейін «еркін» қызмет ете алады.

С. Қондыбай бар ғұмырын осы таңбаның поэтикадағы қызметін, таңбаның ұлт тарихымен, ұлттың жеке өзіне тән моральдік және этникалық бірлігін зерттеуге арнады. Таңба тар ұғымда да, кең ұғымда да С.Қондыбайдың ғалым ретіндегі ізденісінің негізіне айналғанын білеміз. Әсіресе, «Есен-қазақ» еңбегінде археологиялық қазба жұмыстары нәтижесінде Маңғыстау-Үстірттен тарбылған тарихи құнды тастар, тастағы таңбалар, эпикалық дәуірді өткерген қазақтың байырғы тілі мен мәдениеті, XIV ғасырдағы Кіші Қазақия, яғни алғашқы қазақ мемлекетінің бастау алған жерлерінің мифтік, географиялық сипаттамаларын тыңғылықты зерделеуге тырысты.

Маңғыстаулық фольклор да өлкеде бір кездері ноғайлардың мекен еткендігін, ноғайлы батырларының өмір сүргендігін баян етеді. Олардың есімдері өлкедегі жер-су атауларында сақталған, азын-аулақ аңыздық фрагменттер де бар. С. Қондыбай Маңғыстау жерінде мекендеген байырғы қазақтардың тарихи құндылықтарын зерттей келе, есен-қазақтың немесе айрақтылардың XIV ғасырдағы салт-дәстүрі, аңыз-әңгімелері, таңбалары мен символдары туралы ой қозғайды [9, 27]. Ғалымның ойынша, есен-қазақтар екі

тілді болған. Біріншісі – қыпшақ және екіншісі – көне түрікпен этникалық тілі. Бұл пікір – Ақшора мен Белтұран моласын зерттеуден туған тұжырым еді. Ел арасында мола жайында аңыз сақталған. Ғалым аңыздың осы екі тілдің дәуірлеп тұрған уақытына қатысты деп жорамалдады. Яғни, ол тіл арқылы дәуірді, дәуір арқылы тілдің (есімдер, жер-су атаулары, жергілікті халықтың диалектикасы, мәдениеті) қолдасын саралай отырып, Маңғыстау мифтерінің таралу, жинақтау, баяндау мәселелерін сұрыптады.

**Нәтижелер.** С. Қондыбай таңбалар туралы және таңбаның символикалық мәні туралы жасаған ізденістерінде нүкте – ең кіші әрі түсінікті символ деп есептейді. Нүктеден бастау алған таңбалар жүйесі бейнеге айналып, белгілі бір мағынаны түзген. Аңшылық рәсімдері, рудың таңбасы, салт-жоралғылардың орындалуы және т.б. құбылыстарды осы Нүктемен байланыстырады. Нүктеден (кіндік) сәуле сызығы пайда болып, белгілі бір кеңістікті толтырады. Міне, осы арада нүктенің символ ретіндегі қызметі басталады деп пайымдаған.

«Шоғым таңба» туралы жасаған ізденісінде таңбаның түп мағынасын айта келе С. Қондыбай: «Шеңбер, яғни айнала кіндіксіз өмір сүре алмайды, ал кіндік болса, айналасындағы шеңберсіз-ақ өмір сүре береді. Яғни, кіндік өзінің айналасынан кәміл тәуелсіз. Мұндай қарым-қатынасты кіндік нүктеден таралып шеңберге дейін жететін сәулелер арқылы анығырақ көрсетуге болады. Сәулелердің саны түрліше болып шығады; іс жүзінде олардың саны өте көп; шеңбердің сызығын құраған нүктелер саны қанша болса, кіндіктен шығып, сол шеңберге барып тірелген сәулелердің саны да соншалық болмақ» [10, 43], - дейді. Егер осы пікірді толықтыра кетсек, осындай кескіндемелер үшін сәулелердің ерекше символдық мәнге ие, тұрақты саны пайдаланылатын болған. Мәселен, төрт сәулелі, алты сәулелі және т.б.

Шоғым таңба – бір нүктеде қиылысатын сызықтардан құралған геометриялық пішін. Ол бір тоғысу нүктесінен және бірнеше (екеу, төртеу, алтау, сегіз, он екі және т.б.) сызықтардан тұрады, сондай-ақ ол сол күйінде де, шеңбер ішінде орналасқан күйінде де кескінделе алады.

Нүкте секілді геометриялық материалды философиялық концепциямен байланыстырсақ, біршама тұжырымдарды шығара аламыз. Нүкте – белгілі бір бастаудың (Ілкі Төр) символы. Одан тараған сызықтар – өмір «соқпақтарының» астарлы ишарасы. Бір нүктеден басталған өмір сапары екінші бір нүктеге келгенде тоқтайды да, жүрген «ізі» осы жер бетінде сақтап кетеді. Бұл орайда «сәуле» (сызық) философиясы маңызды рөл атқарып тұр. Жарық Нұрдай «жарқ етіп» өте шыққан ғұмырдың метафизикалық анықтамасы осындай болжамдармен көркемделген. Ақын М.Мақатаев «Моцарт. Жан азасы» поэмасының «Табыт үні» бөлімінде өмір мен сәуленің ішкі, мағыналық қатынасын былайша суреттейді:

Өмір дегенге,

Тірлікте, сірә, жетер ме ой,  
Жарық сәуледен басқаның бәрі бекер ғой.  
Бекер ғой бәрі,  
Бекер ғой бәрі – бөтен ғой,  
Өмір деген дегенің – бір күндік Сәуле екен ғой!.. [11, 1008].

Тұтас шумақтың ішінде «сәуле» сөзі – ерекше символдық-таңбалық қабаттарды айғақтап тұр. Бір жағынан, сәуле – өмірдің метафорасы болғанымен, ол «құрғақ» теңестіру емес, тұспалды, ишаратты, сакральді құбылту. Сәуле өмірдің жарқын тұстары болса, көлеңке (қараңғы, түнек, түн) өмірдің қиындыққа толы кезеңдері. Осылайша, реципиенттің санасында «сәуле» ұғымы таңбаланып, «өмір-нұр», «өмір-жарық» секілді символдық таным берік орнығады. Ақын өмір бейнесін өлеңде өз танымымен «мүсіндейді».

М.Мақатаев өлеңдеріндегі таңбалық-символдық бейнелеудің бір мысалына тоқталайық. Әдебиеттанушы зерттеушілер ақын өлеңдеріндегі «екінші өмір. «о дүние» туралы танымның поэтикалық символын былайша талдайды: «The Kingdom of the shelters or the water world, which is understood to be the way to the kingdom, takes the form of a description of a mysterious character. There are many other examples of this mythical cognition that fostered the fiction and served to create a «meta-textual component» in the text. For example, let's pay attention to the following poem by M. Makatayev:

Nemenege zhetisting bala batyr?  
Kariyalar azaiyp bara zhatyr.  
Biri minip kelmesting kemesine  
Biri kutip, aneiki, zhagada tur...

«Kelmestin kemesi» («the boat that doesn't return») is a poetic image of a boat of the ancient Greek Haran. In this regard, we understand the connection of water with the world of dead as follows: “su ayagy kurdym” (flooded with water), «suga ketken tal karmaidy» (tree does not fall into the water)» [12, 206-207].

Мұқғали өлеңіндегі «келместің кемес» семиотикалық талдау аспектісінде «таңба-символ» болып табылады.

Мәтінді семиотикалық талдау арқылы таңбаның қызметін айқындауға жол ашылмақ. Таңбаның түп тамыры санадан бастау алады. М.Мақатаев поэзиясының поэтологиясы туралы зерделеген бір мақалада авторлар былай дейді: «Сана мен түпсана – шығармашылық үдерістің құрамдас «бөліктері» болса, көркем ойлауда түпсананың да маңызды рөл атқаратыны заңдылық. Ақынның түпсанасынан сәуле шашқан «Қара өлеңнің» бастау көзі, әрі қарай арналы ағысқа ұласуы туралы сөз шығармашылық үдерісті сипаттаудың бір тәсілі болмақ. ...Суреткерді шығармашылық тұлға ретінде зерттеу нысанына алу Фрейдтің психоаналитикалық әдісінің басты ұстанымы болса, Юнг суреткер санасына тікелей ықпалы бар түпсананы зерделеуге бағытталған архетиптік талдаумен бұл ілімді тереңдете түседі. Бұл екі оқымыстының да назарын

ерекше аударып отырған суреткер санасының құпиясы мен шығармашылық үдерістің тылсым табиғаты екені айдан анық»[13, 80].

Авторлар атап көрсеткен психоаналитикалық және архетиптік талдау әдістерінің таңбалық жүйеге және мифопоэтикалық негізге назар аударатыны айдан анық.

Кез келген тілдің негізінде, яғни ядросында таңба бар. Бұл – оның айрықша элементі ретінде мәтіннің көркемдік деңгейін танытып тұрады әрі автордың көзқарасы мен дүниетанымын айшықтап тұрады.

**Қорытынды.** С. Қондыбайдың еңберінде байырғы қазақтың мәдениеті, тілі, өмірлік қағидалары көптеп кездеседі. Ғалым «арғықазақ» концепциясы арқылы «арғы» дәуірлерді, ілкідегі қазақтың мифологиялық танымын, кеңістік пен уақыт, Тәңір мен Нұр жұмбақтары туралы ой қозғайды. «Ілкі Төр» – С. Қондыбайдың терең ізденісінен туған ғылыми тұжырымы. Жаһандану заманында ұмытылып бара жатқан бұрынғы кесене, мола, ескерткіш, балбал тастағы жазулардың, оның философиялық, моральдік құндылықтарын ғалым өзінің кітаптарында молынан айқындап көрсетті. Сол заманға рухани тұрғыда «оралудың» тұтас жүйесі, мәдениетті іздеудің иерархиялық құрылымы осы «Ілкі Төрте» жатыр. Соны тыңғылықты әрі терең зерттеудің нәтижесінде С. Қондыбай әлемін ғана емес, барша қазақ жұртының түпнегізін, тамырын тани аламыз.

#### **Әдебиеттер:**

1. Қасымжанов А. Рухани тамырлар // Қазақ. – Алматы: «Білім», 1994. – 88 б.
2. Қондыбай С. Арғықазақ мифологиясы. – Алматы: «Дайк-Пресс», 2004. – 512 б.
3. Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық. 15-том / Құраст.: А.Жаңабекова, Т.Жанұзақов, Б.Әбілқасымова және т.б. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясы», 2011. – 824 б.
4. Мәуленов С. Шығармалар жинағы: 2 томдық. Өлеңдер / Құрастырғандар қыздары: Бахытжамал, Сақыпжамал және ұлдары: Бейбіт, Қасым, Ғазиз. – Алматы: «Service Press», 2012. – 501 б.
5. Қондыбай С. Арғықазақ мифологиясы. – Алматы: «Дайк-Пресс», 2004. – 512 б.
6. Аймұхамбет Ж.Ә. Миф. Мифология. Мифопоэтика: Монография. – Астана: «Фолиант», 2016. – 184 б.
7. Аманжолов Қ. Өзім туралы. (Өлеңдер мен поэмалар) – Алматы: «Ана тіл» баспасы ЖШС, 2011 ж. – 360 б.
8. Лотман Ю. Семиосфера. – Алматы: «Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қоры, 2019. – 640 б.
9. Қондыбай С. Есен-қазақ. – Алматы: «Арыс» баспасы, 2006. – 360 б.

10. Қондыбай С. Арғықазақ мифологиясы. – Алматы: «Дайк-Пресс», 2004. – 512 б.
11. Мақатаев М. Жыр кітабы. Құрастырғандар: Б.Айдарова, К.Ботбай – Алматы: «ҚАЗАқпарат», 2012. – 1032 б.
12. Aimukhambet Zh., Zhumagazina A., Dalelbekkyzy A., Aituganova S., Seiputanova A. Mythical symbolism in structure of meta-text //ASTRA Salvensis, no. 1/2021. Pages 199-210 <https://www.scopus.com/recod/display.uri?eid=2-s2.0-85107032435&origin=resultslist>
13. Аймұхамбет Ж., Айтуғанова С., Бекеева Н. Мұқағали Мақатаев поэтологиясы: өлеңдегі өлең мен ақын. «Керуен» ғылыми журналы. М.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты. № 73(4), 2021. Б. 75-87. DOI: <https://doi.org/10.53871/2078-8134.2021.4-06>

**Б.Е. АХМЕР, Ж.А. АЙМУХАМБЕТ**

Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева,  
Астана, Казахстан

**К.С. КУРМАМБАЕВА**

Университет имени Шакарима, Семей, Казахстан

### **СИМВОЛИКО-МИФОПОЭТИЧЕСКИЕ ЗНАЧЕНИЕ КОНЦЕПЦИИ СЕРИКБОЛА КОНДЫБАЯ «ИЛКИ ТӨР»**

**Аннотация.** В статье анализируются утверждения о символизме и мифологизме известного ученого С. Кондыбая. Дифференцировано значение концепта «Ілкі Төр», ставшего одной из основных характеристик древнеказахского мировоззрения, его связь с поэтическими произведениями, культурным кодом, взаимосвязь с аспектами национального самосознания. В результате мифопоэтического анализа были уточнены и подробно отражены духовные концепции наследия ученого, необходимые современному казахстанскому обществу. Связь мифа и поэтического произведения утверждается в основной части статьи. Был произведен анализ мифологических слоев, символических образов и художественных деталей в поэзии таких казахских поэтов, как С.Мауленов, К.Аманжолов, М.Мақатаев. По-новому рассматриваются такие литературоведческие понятия, как «исконная земля», первобытные верования, традиции, мировоззрение предков в этих поэтических текстах. Известно, что С.Кондыбай глубоко и внимательно изучил систему символов коренных народов и ее функции.

Знак, символ, деталь, единство образа – все это репрезентирует ценности целой эпохи, ее нравственные и гуманистические идеи, поэтому влияние истории на литературу и литературы на историю всегда велико. По мнению ученого, на этих категориях основаны жизненные ценности «древних казахов».



Эти знания и теоретические исследования представлены в статье. С целью прояснения мнений о мифологии, мифе, символе были изучены труды ученых-мифологов и литературоведов.

**Ключевые слова:** Серикбол Қондыбай, мифопоэтика, Исконная Земля, символ, текст, миф, поэзия, художественное произведение

**В.Е.АКХМЕР, Zh.A. AIMUKHAMBET**

L.N.Gumilyov Eurasian National University,

**K.S. KURMAMBAYEVA**

University named after Shakarim Semey, Kazakhstan.

### **SYMBOLIC AND MYTHOPOETIC MEANING OF THE CONCEPT OF SERIKBALL KONDYBAI «PRIMORDIAL LAND»**

**Annotation.** The article analyzes the mythological, symbolic statements and views of the mythologist S. Kondybai. The meaning of the concept «Primordial Land», which has become one of the main characteristics of the ancient Kazakh worldview, its connection with poetic works, cultural code, and the relationship with aspects of national self-consciousness were differentiated. As a result of the mythopoetic analysis, the spiritual concepts of the scientist's heritage, that is necessary for modern Kazakh society, were clarified and vividly reflected. The connection between the myth and the poetic work was also the main form of the article. To prove this, the analysis of mythological layers, symbolic images and artistic details in the poetry of such Kazakh poets as S.Maulenov, K.Amanzholov, M.Makatayev was carried out. Also, such literary aspects as the «Primordial Land», first-time beliefs, traditions, and the worldview of the ancestors in these poetic texts were considered in a new way. In general, it is known that S. Kondybai deeply and carefully studied the system of symbols of indigenous peoples, which began to be forgotten, and its functions.

A sign, a symbol, a detail, the unity of an image – represents the values of an entire epoch, its moral and humanistic ideas. Therefore, the influence of history on literature and literature on history is always great. According to the scientist, the vital values of the «ancient Kazakhs» are based on these categories. This horizon of knowledge and theoretical research are present in the article. In order to clarify the ideas about mythology, myth, symbol, they were formulated in the works of mythologists, literary critics.

**Keywords:** Serikbol Kondybai, mythopoetics, Primordial Land, symbol, text, myth, poetry, artwork

**References:**

1. Qasymjanov A. Ruhani tamyrlar // Qazaq. – Almaty: «Bilim», 1994. – 88 b.
2. Qondybai S. Arғыqazaq mifologiasy. – Almaty: «Daik-Pres», 2004. – 512 b.
3. Qazaq әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық. 15-том / Құраст.: А.Жаңабекова, Т.Жанұзақов, В.Әбілқасымова және т.б. – Almaty: «Qazaq ensiklopediasy», 2011. – 824 b.
4. Mäulenov S. Şyғarmalar jinaғы: 2 tomдық. Öleñder / Qūrastyrғandar qyzdary: Bahytjamal, Saqypjamal және üldary: Beibit, Qasym, Ğaziz. – Almaty: «Service Press», 2012. – 501 b.
5. Qondybai S. Arғыqazaq mifologiasy. – Almaty: «Daik-Pres», 2004. – 512 b.
6. Aimūhambett J.Ä. Mif. Mifologia. Mifopoetika: Monografia. – Astana: «Foliant», 2016. – 184 b.
7. Amanjолоv Q. Özım turaly. (Öleñder men poemalar) – Almaty: «Ana tıl» baspasy JŞS, 2011 j. – 360 b.
8. Lotman İu. Semiosfera. – Almaty: «Ülttyq audarma bürosy» qoғамдық qory, 2019. – 640 b.
9. Qondybai S. Esen-qazaq. – Almaty: «Arys» baspasy, 2006. – 360 b.
10. Qondybai S. Arғыqazaq mifologiasy. – Almaty: «Daik-Pres», 2004. – 512 b.
11. Maqataev M. Jyr kitabы. Qūrastyrғandar: B.Aidarova, K.Botbai – Almaty: «QAZaqparat», 2012. – 1032 b.
12. Aimukhambet Zh., Zhumagazina A., Dalelbekkyzy A., Aituganova S., Seiputanova A. Mythical symbolism in structure of meta-text //ASTRA Salvensis, no. 1/2021. Pages 199-210 <https://www.scopus.com/recod/display.uri?eid=2-s2.0-85107032435&origin=resultslist>
13. Aimukhambet Zh., Aituganova S., Bekeyeva N. Poetology of Mukagali Mukatayev: verse and poet in verse // «Keruen» scientific journal M.O.Auezov Institute of Literature and Art. Volume 73, Number 4 (2021). P. 75-87 DOI: <https://doi.org/10.53871/2078-8134.2021.4-06>

**Авторлар туралы мәлімет:**

**Ахмер Біржан Ермеқұлы** – Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің докторанты, Астана, Қазақстан;

**Ахмер Біржан Ермеқұлы** – докторант Евразийского национального университета имени Л.Н.Гумилева, Астана, Казахстан;

**Akhmer Birzhan Ermekuly** – doctoral student, L.N.Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan

**Аймұхамбет Жанат Әскербекқызы** – филология ғылымдарының докторы Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры, Астана, Қазақстан.

**Аймұхамбет Жанат Аскербекқызы** – доктор филологических наук,

профессор Евразийского национального университета имени Л.Н.Гумилева, Астана, Казахстан.

**Aimukhambet Zhanat Askerbekkyzy** – Doctor of Philology, Professor of the L.N.Gumilev Eurasian National University, , Astana, Kazakhstan.

**Курмамбаева Карлыгаш Солтанбековна** – филология ғылымдарының кандидаты, Шәкәрім атындағы университетінің аға оқытушысы, Семей, Қазақстан.

**Курмамбаева Карлыгаш Солтанбековна** – кандидат филологических наук, старший преподаватель университета имени Шакарима, Семей, Казахстан.

**Kurmambayeva Karlygash Soltanbekovna** – candidate of Philological Sciences, Senior Lecturer, University Shakarim, Semey, Kazakhstan.